


Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының мемлекеттік реттеу механизімінің ерекшеліктері

Утепбергенова Алима
Ажигереева Айару
Мүсрепбекова Айғаным
Ержанова Ұлпан

- 
1. Қазақстан Республикасында СЭҚ тарифтік емес шектеулері.
 2. Қазақстанның заңнамасы бойынша кедендік-тарифтік және салықтық реттеулерінің қағидалары.
 3. ҚР Салық кодексі бойынша азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінің салықтарының ерекшеліктері.
 4. Екі реттік салық төлеуден және кірістер мен меншіктің салық төлеуден бас тартуға жол бермейтін халықаралық шарттардың ҚР Салық кодексімен сәйкес қолдану аясы мен ережелері.

ҚР сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу механизмдері

сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу

сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу;

ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарлардың сатылуын тоқтата тұру және (немесе) сатуға тыйым салу

арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық шаралар қолдану

халықаралық экономикалық санкцияларға қатысу

жекелеген
тауарларды
әкетуге және
(немесе)
әкелуге тыйым
салу

жекелеген
тауарларды
әкетуге және
(немесе)
әкелуге сан
жағынан шектеу

**Сыртқы сауда
қызметін
тарифтік емес
реттеу
шаралары**

тауарларды
экспорттау
және (немесе)
импорттау
саласындағы
лицензиялау

жекелеген
тауарлар
түрлерінің
экспортына және
(немесе)
импортына
айрықша құқық

жекелеген
тауарлар
түрлерін
автоматты
түрде
лицензиялау
(қадағалау)

Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салуды уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде, тиісті орталық мемлекеттік органдар: құқықтық тәртіпті сақтау; адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау; алтын немесе күміс экспортын және (немесе) импортын реттеу; мәдени құндылықтарды және ұлттық мәдени игіліктер объектілерін заңсыз әкетуден және (немесе) әкелуден қорғау; орны толмайтын табиғи ресурстардың ішкі өндірілуін және тұтынылуын бір мезгілде шектей отырып, олардың сарқылуын болдырмау; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; халықаралық міндеттемелерді орындауға қатысты халықаралық міндеттемелерге сәйкес келетін нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай енгізеді.

Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сан жағынан шектеулерді уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде, тиісті орталық мемлекеттік органдар:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 3) ішкі нарықты қорғау қажеттілігіне қарай енгізеді.

3. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сан жағынан шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиялау жолымен жүзеге асырылады.

Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық

1. Тауарлар жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық лицензиялау негізінде жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті орган экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық берілетін тауарлардың тізбесін, сондай-ақ жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға айрықша құқық берілген сыртқы сауда қызметіне қатысушыларды тиісті орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстарының негізінде бекітеді.

Жекелеген тауарлар түрлерін автоматты түрде лицензиялау (қадағалау)

Жекелеген тауарлар түрлерін автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) рұқсаттар беру арқылы жүзеге асырылады.

Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану

Арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы заңнамасында айқындалады.

**Қазақстанның
заңнамасы бойынша
кедендік-тарифтік
және салықтық
реттеулерінің
қағидалары**

Кедендік-тарифтік реттеудің қағидаларын мына топтарға бөліп қарастыруға болады: **жалпықұқықтық қағидалар** (заңдылық, әділеттілік, федерализм) **Конституциялық қағидалар** (кеден территориясының бірлігі, сыртқы экономикалық қызметі тараптарының теңдігі) және **салалық** қағидалары .

Кедендік-тарифтік реттеудің **айрықша қағидасы** болып **протекционизм** (қолдампаздық), немесе оған қарама-қарсы **фритредерлік** (экономикалық теория мен өнеркәсіптік кәсіпкерлік саясатындағы сауда еркіндігі мен мемлекеттің жеке кәсіпкерлік қызметке араласпауын талап ететін ағым). Еркін нарықтағы артықшылықтарын мағлұмдауына (декларирование) қарамастан көптеген елдер протекционизммен айналысады: дамушы елдер кедендік-тарифтік шараларды, ал дамыған елдер тарифтік емес әдістерді қолданады.

Қазыналық қағидасын салааралық деп сесептуге болады. Ол кедендік-тарифтік реттеу мемлекеттік бюджеттің ұлғаюына бағытталған деп түсіндіреді. Басқаша айтқанда, кедендік органдар кедендік баждың қайсысының мемлекеттік кірісі көп, соны таңдайды. Бұл жерде дамушы және дамыған мемлекеттердің айырмашылығы қазыналық мақсаттарының дамушы


мемлекеттерде айқын көрінуі

салық
заңнамасының
жариялылығы

салық төлеу
және басқа да
төлемдер
міндеттілігі
қағидасы

салық салудың
әділеттілігі
және
анықтылығы

салық жүйесінің
бірлігі қағидасы



Төлем көзінен салық салынатын табыстарға олардың мынадай түрлері жатады:

Қызметкердің табысы

зейнетақы төлемдері;

жеке тұлғаның салық агентінен түсетін табыстары;

дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс;

стипендиялар;

жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс.

Қызметкердің табысы

Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысы - жұмыс беруші қызметкердің есебіне жазған, салық салуға жататын табыстары мен салық шегерімдерінің сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Шы-
ғындар**

1) еңбек қатынастарының болуына байланысты жұмыс берушінің қызметкер меншігіне беруіне жататын, қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес нысандағы ақша;

2) қызметкердің заттай нысандағы табыстары;

3) қызметкердің материалдық пайда түріндегі табыстары қызметкерлердің жұмыс беруші есепке жазған, салық салынуға жататын табыстары болып табылады.

МЫНАЛАР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ САЛЫҚ САЛУҒА ЖАТАТЫН ТАБЫСТАРЫ БОЛЫП

ТАБЫЛМАЙДЫ:

дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстар;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері;

жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс;

қызметкерлерге олардан сатып алынған жеке мүлкі үшін төлемдер;

Салық шегерімдері

Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысын анықтау кезінде төлемдердің кезеңділігіне қарамастан, күнтізбелік жыл ішіндегі әрбір ай үшін мынадай салық шегерімдері қолданылады:

1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және табысты есепке жазу күні қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшеріндегі, табыс есебіне жазылатын тиісті айдағы сома. Бір жылдағы салық шегерімінің жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ағымдағы жылдың әрбір айының басында қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінің жалпы сомасынан аспауға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналарының сомасы;

3) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес өз пайдасына енгізілетін ерікті зейнетақы жарналарының сомасы;

4) жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақыларының (егер шартта сақтандыру сыйлықақыларын бөліп төлеу көзделген жағдайда – мерзімдік сақтандыру жарналарының) сомасы;

5) Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомалар;

6) Салық шегерімдері және түзету сомасы, жиынтығында күнтізбелік бір жылда республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі жалақының 8 еселенген мөлшерінен аспаса, медициналық қызметтерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар;

7) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардың сомасы.

Жеке тұлғаның салық агентінен түсетін табыстары

Жеке табыс салығын есептеуді салық агенті төлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша, салық салуға жататын табысты есебіне жазу кезінде жүргізеді.

Дивиденттер, сыйақылар және ұтыстар

Сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлікпен басқарудан түсетін, сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын заңды тұлғадан алған таза табысы да дивиденттерге жатады.

Ұтысты, сыйақыны төлеу кезінде ұсталған жеке табыс салығының сомасы төлем көзінен осы салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде салықтарды есептеу мен төлеуді жүзеге асыратын дара кәсіпкер салық кезеңі үшін есептеген жеке табыс салығының есебіне жатқызылады.

Стипендиялар

- ❑ білім беру ұйымдарында оқытындарға;
- ❑ мәдениет, ғылым қайраткерлеріне, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және басқа да жеке тұлғаларға төлеуге арналған ақша сомасы салық салуға жататын стипендия түріндегі табыс болып табылады.

Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысына жеке табыс салығының сомасы қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысының сомасына Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі көздерден алынған дивидендтер түріндегі табыстарға 5 пайыздық мөлшерлеме бойынша салық салынады, ал қалған жағдайларда салық төлеушінің табыстарына 10 пайыздық мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Халықаралық шартты қолдану жағдайы

- ❖ Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын, қосарланған салық салуды болғызбау және табысқа немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың жолын кесу туралы халықаралық шарттың ережелері осындай шарт жасасқан мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.
- ❖ Егер халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті осы халықаралық шарттың ережелерін халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылмайтын басқа тұлғаның мүддесінде пайдаланса, ондай резидентке осы баптың 1-тармағының ережесі қолданылмайды.

Қазақстан Республикасындағы көздерден табысқа салық салу мақсатында бейрезидент заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызу әдістері

Егер Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғаның салық салынатын табысын айқындау кезінде халықаралық шарттың ережелері бейрезидент заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын шегеруге жол берген болса, мұндай шығыстардың сомасы, мынадай:

- 1) шығыстарды пропорционалды бөлу әдісінің;
- 2) шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісінің бірі бойынша анықталады.

Салық төлеушінің резиденттік еліндегі қаржылық есептілігінің деректері мынадай түрде түзетіледі:

$K1 \times KE(PE)1 + K2 \times KE(PE)2$,

мұндағы $K1 = CK(PE)1 / CK(PE)3$; $K2 = CK(PE)2 / CK(PE)3$,

бұл ретте:

CK(PE)1 - салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі бір салық кезеңі айларының саны;

CK(PE)2 - салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі басқа салық кезеңі айларының саны;

CK(PE)3 - салық төлеушінің резиденттік еліндегі салық кезеңі айларының жалпы саны;

KE(PE)1 - салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі бір салық кезеңі үшін салық төлеушінің резиденттік еліндегі қаржылық есептілігі;

KE(PE)2 - салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі басқа салық кезеңі үшін салық төлеушінің резиденттік еліндегі қаржылық есептілігі.

Шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі

Бейрезидент заңды тұлға бас кеңсенің және Қазақстан Республикасындағы және басқа елдердегі тұрақты мекемелердің кірістері мен шығындарын (басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда) бөлек есепке алуды жүргізген жағдайда бейрезидент заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарын шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі пайдаланылады.

Аталған шығыстар растайтын құжаттар және олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы болған кезде ғана тұрақты мекеме шегерімге жатқызады.